

9. Karkina S.V. Educational Potential of Voluntary Activity in Work with Student Youth // International Journal of Advanced Research. – 2018. – Vol. 6(3). – P. 2863–2867. DOI: <https://doi.org/10.29042/2018-2863-2867>

10. Montagud Mayor X., Martín Estalayo M. Volunteering among social work students: satisfaction, motives and benefits. When the emotional transcends the academic. *Social Work Education*, 2024, Vol. 43(6), p. 821–835. DOI: <https://doi.org/10.1080/02615479.2024.2438257>

11. Hoskins B., Janmaat J.G., Villalba E. Learning citizenship through social participation outside and inside school: An international, multilevel study of young people's learning of citizenship. *British Educational Research Journal*, 2012, Vol. 38(3), p. 419–446. DOI: <https://doi.org/10.1080/01411926.2010.550271>

12. Tajfel H., Turner J.C. An Integrative Theory of Intergroup Conflict. In: Austin W.G., Worchel S. (eds.). *The Social Psychology of Intergroup Relations*. Monterey, CA: Brooks/Cole, 1979, p. 33–47.

13. Batson C.D. *The Altruism Question: Toward a Social Psychological Answer*. Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1991, p. 89–110.

FTAXP:15.41.49

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.028>

Г.М.Сулейменова¹ , Г.К.Айкинбаева*¹ , Л.С.Кулжабаева¹ , Г.Ш. Джумагулова² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан

²Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ, Қазақстан

ОТБАСЫНДАҒЫ АТА-АНА МЕН БАЛАНЫҢ ПЕРЦЕПТИВТІК ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған зерттеулер жүргізілді. Теориялық талдау негізінде отбасы, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қатынас, бала тәрбиесіне байланысты ежелгі философтар еңбегінен бастап, қазіргі замандағы психология, отбасы психологиясы, қарым-қатынас психологиясы, әлеуметтік психология саласын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау арқылы перцептивтік қатынас, әлеуметтік перцепция түсінігіне анықтама беріліп, ғалымдардың ой-пікірлері сараланып, ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың түзілу ерекшеліктері сипатталды. Сондай-ақ, теориялық-әдіснамалық зерттеулердің негізінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылды. Зерттеу мақсатына орай, эксперименттік жұмыс барысында Дембо – С.Рубинштейн бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалау әдістемесі, Е.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицкисдің (ОҚТ) «Отбасылық қатынастарды талдауы», А.Я.Варга мен В.В.Столинаның Ата-ананың қатынасын анықтау сауалнамасы қолданылды. Мақала барысында зерттеуге 61 жасөспірім қатыстырылып, зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізілді. Ата-ананың тұлғалық-психологиялық қасиеттері және отбасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынасының сипаты отбасындағы тәрбие түріне тікелей байланысты болып табылады. Ол үш негізгі компоненттің бірлігі: ата-ананың бала туралы, оған деген көзқарасы мен ықпал ету тәсілдерін бақылауы, талап қою, мадақтау, жазалау және т.б. тәрбие әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылатындығын біз зерттеу барысында анықтауға әрекет жасадық. Мақала қорытындысында ата-ана мен бала арасындағы оңтайлы перцептивтік қатынастың түзілеуіне отбасылық тәрбие түрі, ата-ананың ұстанатын стильдерінің психологиялық әсері зор екені мәлімденеді.

Түйін сөздер: отбасы, ата-ана, бала, перцептивтік қатынас, әлеуметтік перцепция, қарым-қатынас.

Г.М. Сулейменова¹, Г.К. Айкинбаева^{*1}, Л.С. Кулжабаева¹, Г.Ш. Джумагулова²
¹Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан
²Центрально-Азиатский инновационный университет, г.Шымкент, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЦЕПТИВНЫХ ОТНОШЕНИЙ РОДИТЕЛЕЙ И ДЕТЕЙ В СЕМЬЕ

Аннотация

В статье проведено исследование по выявлению психологических особенностей перцептивных отношений родителей и детей в семье. На основе теоретического анализа, отталкиваясь от трудов античных философов, посвященных семье, взаимоотношениям родителей и детей в семье, воспитанию детей, а также анализируя труды ученых, изучающих направления современной психологии, семейной психологии, психологии общения, социальной психологии, были определены понятия перцептивного отношения и социального восприятия, проанализированы научные взгляды ученых, описаны особенности формирования перцептивных отношений между родителями и детьми. Также на основе теоретических и методологических исследований была организована экспериментальная работа. Для достижения целей исследования в ходе экспериментальной работы использовалась методика самооценки личности Дембо-С.Рубинштейна, опросник Э.Г.Эйдемиллера, В.В.Юстицкиса (ОКТ) «Анализ семейных отношений», опросник А.Я.Варги и В.В.Столиной для определения родительских отношений. В ходе написания статьи в исследовании приняли участие 61 подросток, был проведен количественный и качественный анализ результатов исследования. Типы и методы воспитания в семье, выраженные в контроле родителей над ребенком и их отношении к нему, как характер взаимоотношений родителей напрямую связаны с личностно-психологическими качествами родителей. Создание в семье условий для полноценного физического, умственного и духовного развития детей, рассмотрены как факторы, влияющие на становление перцептивных отношений между родителями и детьми. В ходе нашего исследования мы попытались определить единство трех основных компонентов: контроля родителей над ребенком, их отношения к нему и методов воздействия, требований, похвалы, наказания и т. д. В статье делается вывод о том, что тип семейного воспитания и стили родителей оказывают существенное психологическое влияние на формирование положительно перцептивных отношений между родителями и детьми.

Ключевые слова: семья, родители, ребёнок, перцептивные отношения, социальная перцепция, взаимоотношения.

Suleimenova G.¹, Aikinbaeva G.^{*1}, Kulzhabaeva L.¹, Dzhumagulova G.²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF PERCEPTIVE RELATIONS BETWEEN PARENTS AND CHILDREN IN THE FAMILY

Abstract

The article contains a study to identify the psychological features of perceptual relationships between parents and children in the family. Based on theoretical analysis, starting from the works of ancient philosophers devoted to the family, the relationship between parents and children in the family, raising children, as well as analyzing the works of scientists studying the areas of modern psychology, family psychology, psychology of communication, social psychology, the concepts of perceptual attitude and social perception were defined, the scientific views of scientists were analyzed, the features of the formation of perceptual relationships between parents and children were described. Also, based on theoretical and methodological research, experimental work was organized. To achieve the

objectives of the study, the experimental work used the Dembo-S. Rubinstein personality self-assessment technique, the E.G.Eidemiller, V.V.Yustitskis questionnaire (OKT) «Analysis of family relationships», the A.Ya.Varga and V.V.Stolina questionnaire to determine parental relationships. During the writing of the article, 61 teenagers took part in the study, a quantitative and qualitative analysis of the research results was carried out. The types and methods of upbringing in the family, expressed in the control of parents over the child and their attitude towards him, as the nature of the relationship between parents are directly related to the personal and psychological qualities of the parents. The creation of conditions in the family for the full physical, mental and spiritual development of children are considered as factors influencing the formation of perceptual relationships between parents and children. In the course of our research we tried to determine the unity of three main components: parents' control over the child, their attitude towards him and methods of influence, demands, praise, punishment, etc. The article concludes that the type of family education and parental styles have a significant psychological impact on the formation of positive perceptual relationships between parents and children.

Keywords: family, parents, child, perceptual relationships, social perception, relationships.

Кіріспе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек дей отырып, ата-ана мен балалардың әл-аухатын жақсарту, ұрпақтың өсіп-өнуіне көңіл бөлу керектігін негізге алған. Отбасының хал-ахуалының жоғары болуы, болашақ ұрпақтың тәрбиелі, өнегі, адамгершілігі жоғары болуының кепілі [1]. Болашақ ұрпақтың қамы елдің қалы екендігін назарға алатын болсақ қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың психологиялық ерекшеліктері, оның отбасындағы өрбуі, сыртқы қоршаған ортаға тигізер әсері маңызды сұрақтардың бірі болып табылады.

Отбасы болашақ ұрпаққа тәрбие беріп, жан-жақты қалыптасуы мен оның болашақ тағдырына ықпал ететін, әлеуметтенуіне оңтайлы әсер ететін әлеуметтік-мәдени институт. Жас ұрпақты тәрбиелеу, мәдениетті, білімді болуының кепілі отбасынан басталады. Отбасы баланы дүниеге әкеліп қана қоймайды, оның тұлғалық қалыптасуы мен жеке басының дамуында орасан зор рөл атқарады. Отбасы - адамның ең қымбат, әрі құнды ошағы. Өмірдегі ең үлкен бақыт - бұл отбасының өзінің ұрпағын жақсы көруі, құрметтеуі, бір-біріне деген сыйластығы мен құрметі. Қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларға қарамастан отбасы бақытының кілті – мейірімділік, ашықтық және шынайы қарым-қатынаста. Әрине, ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың дұрыс түзілуі олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына, түйсіктеріне, бағдарларына, дүниетанымы сияқты психологиялық ерекшеліктеріне тікелей әсер ететіндігі анық. Ата-ана мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас мәселесі психологияда әрқашан өзекті болады, әрі баланың дамуында шешуші рөл атқаратындығы баршамызға мәлім.

Отбасы – кез келген қоғамның басты құндылығы. Отбасы бұл берік шаңырақ, балалар мен немерелер, біздің тірегіміз, өміріміздегі ең қымбат ортамыз. Отбасы бақытының кілті – сенімге, сыйластық пен сүйіспеншілікке негізделген үйлесімді, жылы қарым-қатынасты құру және қолдау. Мықты, тату отбасы ұрпағына күш береді, қиын кезде қолдау көрсете алады. Қоғамдағы қарым-қатынасымыз отбасындағы перцептивтік қатынасымызға да байланысты. Толыққанды отбасын құру оңай шаруа емес, бірақ ол барлығына қажет. Рухани келісім мен барлық қиындықтарды бірге жеңуге дайын отбасы - адамға нағыз қорғаныш пен тірекбола алары сөзсіз. Отбасындағы берік, әрі жағымды перцептивтік қатынаскүру негізінде бізді өмір бойы туыстарымыз өмір жолымызда қолдап, ақыл-кеңестерімен көмектеседі, кез келген жағдайда қасымызда болып, бізді қорғай алады.

Сан ғасырлық тарихы бар отбасы тарихына көз жүгіртетін болсақ ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотельден бастау алып, орта ғасырлық ойшылар Әбу Насыр

Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, сонымен қатар Шоқан, Абай, Мағжан, Жүсіпбек сынды ағартушылардың еңбектерінен де отбасылық қатынас, құндылықтар мәселесінің сөз етілгенін аңғаруға болады [2,3].

Көшпелі қоғамдағы қазақи отбасының тұрмыс-тіршілігінің этнографиялық сипатын Х.А.Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» [4] еңбегінде сөз етілсе, қазіргі таңдағы қазақстандық отбасылардың жай-күйі туралы З.Ж.Жаназарованың «Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның мәселелері»[5] зерттеуін атап өтуге болады. Сонымен қатар, З.К.Шаукенованың «Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы мен даму үрдістері» [6] еңбегінде отбасының даму үдерісіне өзіндік түсініктеме берген.

Отбасындағы перцептивтік қатынас, отбасылық құндылық бағдар мәселесін зерттеген шетелдік ғалымдар қатарына Г.Олпорт, Ж.Пиаже, З.Фрейд, әрі Ресейлік психологтар С.Л.Рубинштейн, В.И.Мясищев. Отбасының маңызды қызметтері қатарына ата-ананың өнегесін, отбасының психологиялық ахуалы арқылы балалардың мінез-құлқына, жақсы мен жаманды ажырата алуды бағалай алуқабілетін анықтау мәселесін зерттеген А.Г.Харчев пен А.И.Антоновтың қосқан үлесі ерекше. Ал, отбасылық өмір этикасы мен психологиясын И.В. Гребенников, С.В.Ковалев, отбасылық қарым-қатынас психологиясын Л.Б.Шнейдер болса арнайы пәндерді енгізу арқылы дамыту қажеттігін қарастырған.

Отбасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеумен Э.Г.Эйдемиллер, А.И.Захаров, А.С.Спиваковская, О.А.Қарабанова, А.И.Подольский, О.А.Идобаева, О.П.Макушина, Д.Байард, Д.Берне, Ф.Райе, Д.Баумринд сынды ғалымдар айналысқан.

Қазақстандағы отбасы психологиясы, отбасындағы тәрбие мәселелерін сабақтастыра отырып қарастырған Қ.Б.Жарықбаев, Б.А.Әмірова, М.П.Кабакова, Б.К.Кайрова, З.Ш.Қарақұлова, З.М.Балгимбаева, К.А.Айдарбеков, А.Б.Валиева, С.К.Құдайбергенова, Ж.К.Ақсақалова, Г.К.Сланбекованың еңбектерін атап өтуге болады.

Алайда, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың ерекшеліктері мәселесі толық зерттелмеген, әрі зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып табылады демекпіз.

XVII-XVIII ғасырда Я.А.Коменский, И.Г.Песталицци, К.Д.Ушинский сынды ұлы ғұламаларда отбасында бала тәрбиелеу мәселесі жайында өз пікірлерін білдірген. Мысалы, Я.А.Коменский ағайынды чехтарды тәрбиелеуде халық дәстүріне сүйенуді, соның негізінде баланың бойында жақсы мінез-құлықты тәрбиелеуді жастайынан бастауды алға тартады, ал И.Г.Песталоцци тәрбиені ана тілінде оқытатын меткептердің тәжірибесіне сүйене отырып жүргізу қажет дейді. Ал соның негізінде баланы тәрбиелеу барысында жағымды перцептивтік қатынас түзіледі, әлеуметтенуі, оңтайлы қарым-қатынасы қалыптасуына септігі тиері сөзсіз [7]. Бұл ретте қарым-қатынас жеке тұлғаның психикалық және әлеуметтік дамуының ең маңызды факторы болып табылады. Қарым-қатынас дағдылары әр адамға толық және тиімді әрекеттесумен қатар басқа адамдарға, қоғамға бейімделу үшін қажет[8]. Әр адамның бойында минималды қарым-қатынас дағдылары бар, бірақ өмір көрсеткендей, олар күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі мәселелер мен міндеттерді шешу үшін жеткіліксіз, сондықтан бұл дағдыларды дамыту және жетілдіру қажеттілігі отбасынан бастау алады.

Қарым-қатынас психологиясы саласындағы зерттеулердің маңыздылығы соншалық, қарым-қатынастың құрылымдары мен қызметтері, тұлғааралық таным мәселелері, вербальды емес коммуникация, тұлғааралық қарым-қатынастың даму динамикасы, психологиялық әсер, қарым-қатынас процесіне тұлғааралық қарым-қатынастардың әсері және топтық орындау және т.б. әлеуметтік психологияның арнайы бөлімінде – тұлғааралық өзара әрекеттесу психологиясында, перцептивтік қатынас психологиясында зерттеледі.

Қарым-қатынас кезінде бір адам келесі адамды қабылдау процесі қатынастың негізгі бөлігі болып табылады. Бұл оның перцепциялық жағы деп аталады. Адамды адам қабылдауы «әлеуметтік перцепция» деп белгіленеді. «Әлеуметтік перцепция» ұғымын ең алғаш 1947 жылы

Дж. Брунер енгізген [9]. Алғашында әлеуметтік перцепция процестегі әлеуметтік детерминация деп түсіндірілді. Кейін зерттеушілер бұған әлеуметтік психологияда өзгешелеу түсінік берді: «әлеуметтік перцепция» деп әлеуметтік объектілерді қабылдау, мұның астарында басқа адамдар, әлеуметтік топтар жатыр. Сондықтан да біз «адамды адамның қабылдау- әлеуметтік перцепция» деп қарастыруды ұсынамыз.

Әлеуметтік перцепция қабылдау субъектісінің психоэмоционалды және әлеуметтік қатынасына байланысты. Әлеуметтік перцепция құрылымын зерделеу кезінде адамдарды қабылдау және бағалау процесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар адамның сыртқы қабылдауынан оның ішкі қасиеттерін бағалауға бағдар ретінде әрекет ететін тұлғааралық қабылдаудың кейбір алгоритмдері мен механизмдері анықталады.

Әлеуметтік перцепцияның мұндай механизмдеріне рефлексия, сәйкестендіру, эмпатия, тартымдылық, стереотиптеу, себептік атрибуция жатады [10].

Психологиялық еңбектерді саралай келіп, біз «қазіргі психологиядағы тұлғааралық перцепцияны зерттеуде екі негізгі бағытты бөліп көрсетуге болатындығын анықтадық. Біріншісі қабылдау объектісі мен субъектісінің әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын зерттеуге бағытталған, екіншісі тұлғааралық рефлексияның механизмдері мен әсерлерін зерттеумен байланысты. Осының негізінде, біз адамдардың бірін-бірі қабылдауы мен бағалауы жеке дара, жыныстық, жастық, әлеуметтік, кәсіби, тіпті отбасылық тәрбиеге де байланысты айырмашылықтары болатындығын анықтадық.


Отбасында ата-ана мен балалар арасындағы перцептивтік қатынас мәселесін В.С.Мухина мен Л.А.Венгер өз зерттеулерінде қарастырған [11,12]. Ғалымдарың пайымдауы бойынша отбасында дұрыс ұйымдасқан қатынас пен оңтайлы тәрбие баланың өздігінен түрлі әрекеттерді (киімін кию, тамақтану және т.с.с) орындай алғанымен, ата-ана тарапынан көрсетілетін эмоционалды қатынасты аз да болса қажет етеді, өйткені ата-ананың мейірімі, оның балаға деген жағымды перцептивтік қатынасы болып табылады.

В.С.Мухинаның пайымдауы бойынша адамдар арасындағы өзара қатынас негізінде балада түрлі тәртіп үлгілері қалыптасады, ал ол ата-ана тапарынан түзілген жағымды перцептивтік қатынасты дамытады. Отбасындағы ата-ананың балаға деген махабаты мен сенімі бала бойында белсенділікті, басқаларға үлігі болуға деген талпынысты арттыруға итермелейді. Ал, Л.А.Венгер зерттеуінде баланың жан-жақты дамуына отбасының әсерін алға тартады, алайда ондағы тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауы өзара қарым-қатынасқа қанағаттанбауын, ортада өз орныны сезінбеуін, түрлі кикілжің жағдайларға тап болуын, басқа да қиындықтардың туындауын айтады. Мұндай жағымсыз қарым-қатынас теріс перцепцияның түзілуіне итермелеуі мүмкін. Ғалымдардың пікірлеріне сәйкес отбасындағы жағымды перцептивтік қатынас балада жауапкершілік, ынтымақтастық, бірлік сияқты сапалардың қалыптасуына негіз болса, керісінше жағдайдағы қарым-қатынас (ұрыс-керіс, қақтығысушылық) баланың көңіл-күйіне, еңбекке қабілеттілігіне үлкен зиян келтіреді, әрі жағымсыз перцепцияның қалыптасуына сепепші болады.

Зерттеу әдіснамасы. Отбасындағы ата-ана мен баланың арасындағы перцептивтік қатынастың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсаты алға қойылды. Зерттеу мақсатына орай, Т.Дембо – С.Рубинштейн бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалауы, Е.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицис (ОҚТ) бойынша «Отбасылық қатынастарды талдау» әдістемесі, А.Я.Варга және В.В.Столинаның «Ата-ананың қатынасын анықтау» сауалнамасы қолданылды [13, 14].

Зерттеу Астана қаласы Акселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің жасөспірімдері мен ата-аналары арасында жүргізілді. Эксперименттік зерттеу жұмысына 61 жасөспірім қатысты. Алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау арқылы өңделді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу жұмысымыз барысында Т.Дембо–С.Рубинштейн бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалау әдістемесі қолданылды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес 8 А және 8 Ә сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау көрсеткіштері бір-біріне жақын келетіндігі анықталды, алайда екі топта да өзін-өзі бағалауы төмен көрсеткішті иемденген жасөспірімдер бар екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес өзара салыстырмалы көрсеткішті төмендегі Сурет 1-ден қарастыруға болады:



Сурет 1. - Дембо-Рубинштейннің тұлғаның өзін-өзі бағалау диагностикалық әдістемесінің 8 А, 8 Ә сыныптарының нәтижесі

Бұл ретте өзін-өзі бағалауы төмен нәтижені көрсеткен 8А–10 %, ал 8Ө–15 % құрады.

Өзін-өзі бағалауы төмен нәтиже көрсеткен оқушылар өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін және жетістіктерін шынайы түрде бағаламау жағдайымен сипатталады. Олар әдетте, өздерін шын мәнінде қарағанда құзырлы және тартымды емес деп санайды, сонымен қатар олар өздерін елеусіз және басқалардың арасында маңызды емес сезінуі мүмкін болуымен ерекшеленеді. Өзін-өзі төмен бағалау – бұл өмірдің нақты қазіргі кезде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе алмағандығын мойындау болып табылады. Респонденттер арасында өзін-өзі бағалауы төмен нәтижеге иемденген жасөспірімдер өз ортасында өздерін ыңғайсыз сезінеді, барлық сынып оқушыларымен тез тіл табысып кетпейді, өздерінің бағасын басқалар алдында көрсете алмайды, сонымен қатар олар сынып өмірінде, қоғамдық өмірде де белсенді емес, енжар болып табылады.


Дембо-Рубинштейннің тұлғаның өзін-өзі бағалау әдістемесінің нәтижесіне сәйкес өзін-өзі жоғары бағалайтын оқушылар 8 А – 35 %, ал 8 Ә – 40 % құрады.

Өзін-өзі жоғары бағалау – бұл жасөспірімнің бір жағдайда өзінің артықшылығын объективті түрде сезінуі. Табысты, тәуелсіз, белсенді тұлғаларға тән болып табылады. Алайда өзін-өзі жоғары бағалайтын жасөспірімдердің арасында менмендіктің даму қаупі бар екендігін ұмытпауымыз керек. Белгілі бір жағдайларда, мәселен, сынып өміріне араласу, мектептегі қоғамдық іс-шараларға қатысуда мұндай балалар өздерінің белсенділігімен, кез-келген ортада өзін көрсете алуымен, басқалармен тез тіл табысып кетуімен ерекшеленеді. Өзін-өзі жоғары бағалайтын жасөспірімдерге табысқа ұмтылу, кішігірім жеңістерге де қуану, өздерінің күшті жақтарын көрсету тән. Алайда тым өзін-өзі жоғары бағалаудың да кері жақтары бар, ол басқаларға жағымсыз қатынаста болуы, өзін басқалар арасында жоғары санау, сыныптастарына бірдей қарамау, кейде өзімшіл болуға әкеледі. Отбасындағы ата-ананың тым жоғары бағалауы мен еркеліктің басым екендігіне әкеледі, ал ол жағымсыз перцептивтік қатынастың түзелуіне басты себеп болады.

Дембо-Рубинштейннің тұлғаның өзін-өзі бағалау диагностикалық әдістемесінің нәтижесіне сәйкес жасөспірімдердің көпшілігінде, 8 А – 55%, ал 8 Ә – 45% өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейі бар деген қорытынды жасауға болады.

Е.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицис (ОҚҚТ) бойынша «Отбасылық қарым-қатынасты талдау» әдістемесін қолдандық. Әдістемесінің мақсаты: жасөспірімді тәрбиелеуде ата-ананың ықпалын, қатынасын зерттеуге арналған.

Жалпы екі зерттеу топтарының ата-аналары арасында жүргізілген нәтижелерге сәйкес, өзара салыстырмалы көрсеткішті төмендегі сурет 2-ден қарастыра аламыз:



сур. 2. - 8 А, 8 Ә сынып ата-аналарының отбасында ұстанатын тәрбие стильдерінің өзара салыстырмалы көрсеткіші

8 А сыныбы ата-аналарының зерттеу нәтижелеріне сәйкес, отбасылардың 20%-ы тұрақсыз тәрбие стилін қолданады. Мұндай отбасында қолданылатын стильдің, тәрбие әдістерінің күрт өзгеруімен ерекшеленеді. Ата-аналардың өте қатаң стильден либералды стильге және керісінше балаға айтарлықтай назар аударудан эмоционалды бас тартуға ауысуымен сипатталады. Бұл жағдайда ата-аналар, әдетте, тәрбиедегі елеулі ауытқуларды мойындайды. Бұл отбасындағы ата-аналар баласы үшін не маңызды екенін шеше алмайды.

Осы сыныптың ата-аналары үшін 36 %-ы либералды стильді қолданатындығы анықталды. Бұл отбасылар баласын тәрбиелеу үшін көп күш жұмсамайды, аталмыш отбасындағы бала өзіне ғана тәуелді. Бұл жағдайда бала «бәрін өзі жасай алады» деген түсінік қалыптасқан. Зерттеу жұмыснан кейін кейбір ата-аналар үшін отбасында бала тәрбиесіне толыққанды уақыт жетіспейтіндігін алға тартты, басым көпшілігі жұмысбасты, қаланың күйбең тіршілігіне араласып, баласының тәрбиесіне қолы тимейтінін, уақыттың жетпейтінін, сонымен қатар баланы үй шаруасына тарту қиын екенін алға тартты.

Авторитарлық тәрбие стилін қолданатын отбасылар 12%-ды құрады, олар балаға оның бостандығы мен тәуелсіздігін шектейтін көптеген талаптар мен тыйымдар қоюмен сипатталады. Балаға қойылатын талаптар шамадан тыс үлкен, оның мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді. Мұндай отбасында тәрбиеленетін жасөспірімдер тұйық, коммуникативті емес, әлеуметтік бейімделуі төмен, ол өзін-өзі төмен бағалайды, ыңғайсыз сезінуімен сипатталады. Бұл стиль жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуы мен дамуына зиян келтіреді және тәрбиесіне қауіп төндіреді. Зерттеу нәтижесіне сәйкес 8 А сыныбының ата-аналары арасында оқушыларының қажеттілігін елемей, әрі оны қанағаттандыруға әрекет жасамайтын ата-аналар бар екендігі анықталды. Ал, мұндай отбасыларда рухани қажеттіліктер, әсіресе эмоционалды байланыс, отбасымен қарым-қатынас, оның сүйіспеншілігі жиі бұзылады, ал ол теріс перцептивтік қатынастың туындауына әкеледі.


Зерттеу барысында 33% ата-аналар демократиялық стилді қолданатындығы анықталды. Ата-аналардың пікірі бойынша олар бұл әдісті ынталандыру ретінде пайдаланады, әрі аталмыш отбасындағы балалар бір-біріне шынайы көмек пен қолдау көрсетуге, қарым-қатынаста ынтымақтастыққа, қолдауға бейім екендігі анықталды.

8Ә сыныбы бойынша алынған нәтижелерге келетін болсақ, либералды және демократиялық стильді ұстанатын ата-аналар 37%-ды құраса, тұрақсыз стильді қолданушылар қатары 15 %-ды иемденді, ал авторитарлық стиль – 11%-ды көрсетті.

Жалпы зерттеу нәтижесіне сәйкес екі топтың ата-аналарының отбасылық тәрбиеде либералды және демократиялық стильдерді қолданатындар үлесі авторитарлық және тұрақсыз стильді ұстанушыларға қарағанда едәуір жоғары екендігі анықталды.

«Отбасылық қарым-қатынасты талдау» әдістемесі арқылы алынған нәтижелерді қорыта келгенде, авторитарлық стильді қолданатын отбасында жағымсыз жекеленген қасиеттер мен өзін-өзі бағалаудың төменгі көрсеткіші қалыптасуы ықтимал. Ал, ата-ана мен балалар арасындағы оңтайлы қатынасты түзе білген, бірлесе отырып әрбір істі шеше алатын отбасында өзін-өзі бағалауы қалыпты, жоғары екендігін аңғаруға болады. Сол себепті де, отбасында ұстанатын стильдер мен отбасындағы тәрбиенің түрлері балаларды тәрбиелеудегі ең маңызды құрал болып табылады десек артық айтпаған болар едік.

Зерттеу жұмысы барысында біз, А.Я.Варга, В.В.Столинның «Ата-ана балаға деген қарым-қатынасын анықтау сауалнамасын ұсындық, зерттеу нәтижесіне сәйкес төмендегідей нәтижелер алынды (3-сурет).



Сурет 3. - 8 А, 8 Б сынып ата-аналарының «Ата-ана балаға деген қарым-қатынасын анықтау сауалнамасының нәтижесі (А.Я.Варга, В.В.Столин бойынша)

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, екі зерттеу тобының ата-аналары арасында:

«Қабылдау – қабылдамау» шәкілі бойынша жоғары ұпайды 8 А – 65 %, 8 Б – 70% құрады. «Ынтымақтастық» шәкілі де жоғары көрсеткішті иемденгендер қатары 8 А – 75 %, 8 Б – 65 % болды. «Симбиоз» шәкіліне сай 8 А – 70%, 8 Б – 75% жоғары көрсеткішке ие болғандар анықталды. Сонымен қатар маңызды шәкілдердің бірі «Балалардың сәтсіздіктеріне деген көзқарас» шәкілі бойынша керісінше төмен ұпайды жинағандар қатары 8 А – 65%, 8 Б – 70%, бұл ретте төмен ұпай ата-ана баланың сәтсіздіктерін кездейсоқ деп санайтынын және оған сенетінін көрсетеді.

Әдістемеге сәйкес «Авторитарлы гиперэлеуметтену» шәкілі бойынша жоғары ұпайды жинағандар қатарында 8 А – 60%, 8 Б – 65% құрады, мұндай ата-аналар отбасы тәрбиесінде өздерін тым беделді әрекетінің басымдылығын, баладан сөзсіз бағынуды талап етіп, оған қатаң тәртіптік нормаларды орнататынын көрсетеді.

Түйіндей келе, зерттеу нәтижесіне сәйкес 8 А, 8 Б сынып ата-аналарының А.Я.Варга, В.В. Столинның әдістемесі бойынша отбасылық тәрбие барысында ата-аналар қолданатын түрлі тәрбие стильдері баланың бойында жағымды перцептивтік қатынастың қалыптасуына орасан зор ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

ТАЛҚЫЛАУ Жалпы алғанда отбасындағы тәрбие барысында жасөспірімдердің ата-аналарымен оңтайлы қарым-қатынасы болмаса, соның ішінде жоғары психологиялық мазасыздық, жазалау, жиі сөгіс беру, ересектердің елемей балалардың өзін-өзі бағалауының төмен болуын, бойында сенімсіздік сезімінің қалыптасуына, белгілі бір қадамдар жасауда қорқуын, жасайтын ісіндегі сәтсіздіктерге байланысты үрейленуіне әкелуі әбден мүмкін. Осылайша, авторитарлық,

демократиялық және либералды стильдерді қолданатын ата-аналардың балаларының өзін-өзі сол стильге сәйкес жоғары, қалыпты, я болмаса төмен болуы әбден мүмкін.

Балалардың өзін-өзі бағалауы оның өмірге деген көзқарасына, мүдделері мен болашағына ғана емес, сонымен бірге басқалардың көзқарасына, оларға деген перцептивтік қатынасының қалыптасуына да әсер етеді. Өзін-өзі бағалауы жоғары жасөспірім айналасында адалдық, жауапкершілік, жанашырлық, сүйіспеншілік ахуалын құрады. Мұндай жасөспірім отбасында өзін маңызды және қажетті деп сезінеді. Отбасында өзінің жоғары құндылығын сезіну арқылы ғана жасөспірім басқа адамдардың жоғары құндылығын көре алады, қабылдайды және құрметтеуге үйренеді. Өзін-өзі бағалау сезімдері кез-келген жеке айырмашылықтар қабылданатын, қарым-қатынасы ашық және сенімді болатын және мінез-құлық ережелері қатып қалған догмаларға айналмайтын осындай отбасының төңірегінде ғана қалыптасуы мүмкін. Мұнда әркімнің жеке жауапкершілігі мен адалдығы қарым-қатынастың ажырамас бөлігі болып табылады.

Зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелерді қорытындылай келе, біз отбасының баланы тәрбиелеуінде, олардың өзін-өзі бағалауына оңтайлы, я болмаса кері әсер ететін стильдердің бар екеніне көз жеткіздік, әрі олардың баланың бойында жағымды не болмаса жағымсыз перцептивтік қатынастың қалыптасуына тигізетін септігі жоғары деп айта аламыз. Отбасында балаларды тәрбиелеу – бұл ерекше рухани күштердің берілуімен сипатталады. Біз баланы махаббатпен, ананың әкеге деген сүйіспеншілігімен, әке мен ананың өз баласына деген сүйіспеншілігімен, оларды қадірлеу, мәпелеп өсіруге деген терең сенімнің болуы қажет екендігін зерттеу барысында анықтадық. Өзін-өзі қалыпты бағалайтын балалар ата-анасын шынайы жақсы көретін және сонымен бірге адамдарды жақсы көретін және құрметтейтін отбасыларында өседі демекпіз.

Отбасы – баланы дамыту мен тәрбиелеуге негіз болатын өзек, жасөспірімдердің мүмкіндіктерін, әлеуетін ашады, кеңейтеді, әрі ата-анаға, отбасының әр мүшесіне деген жағымды перцептивтік қатынасты қалыптастыруға айрықша ықпал етеді. Алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес, отбасылық тәрбие дұрыс болған шаңырақта ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды отбасылық перцептивтік қатынастардың дамуына қолайлы жағдай жасалатындығы анықталды. Сонымен қатар достық қарым-қатынас, өзара әсер ету, өз баласына уақытылы көмек көрсету, қазіргі уақытта туындайтын мәселелерді жою, осының бәрін жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін отбасылық тәрбие түрінің оңтайлы болуы отбасындағы ата-аналар мен балалары арасындағы жағымды перцептивтік қатынастың түзілуіне байланысты.

Зерттеу мақсатына сай эксперименттік жұмыс барысында Дембо – С.Рубинштейн бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалау әдістемесі, Е.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицкийдің (ОҚТ) «Отбасылық қатынастарды талдауы», А.Я.Варга мен В.В.Столинаның Ата-ананың қатынасын анықтау сауалнамасы арқылы алынған зерттеу нәтижелері негізінде отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың оңтайлы қалыптасуы барысындағы тәрбиенің тиімді болуының негізінде, келесідей психологиялық ерекшеліктер анықталды:

- отбасындағы ынтымақтастық, соның негізінде отбасы мүшелері арасында түсіністік пен бір-біріне деген көмек қатынасы түзіледі;
- отбасы мүшелері арасындағы ортақ мүддеге негізделген оңтайлы қарым-қатынас қалыптасады;
- ата-аналар мен балалардың жетістікке жетуге деген оңтайлы қолдау арқылы түзілген қатынасы құрылады;
- отбасы мүшелері арасындағы жағымды перцептивтік қатынасы құрылады.

Отбасылық тәрбиенің барлық құпиясы – жасөспірімдердің өзін дамытуға, бәрін өзі жасауға деген мүмкіндік, еркіндік беруімен ерекшеленеді [15,16]. Осылайша, отбасы – бұл баланы тәрбиелеудің сыртқы және ішкі факторы, дамудың қозғаушы күші, баланы барлық жерде сүйемелдейтін әлеуметтік институт, микроұжым, соның арқасында жасөспірімдердің бойында түрлі қасиеттердің, мінездің ерекшеліктері, ерік-жігері, төзімділігі, айналасындағы адамдармен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу қабілеті одан әрі шыңдалып, дами түседі. Сонымен,

отбасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы перцептивтік қатынастың басты ерекшелігі – олардың өзара сыйластығы, бір-біріне деген құрметі, бірінің бағасын екіншісі түсіне білуі жағымды қатынастың қалыптасуында маңызды болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ Жоғарыда берілген теориялық талдау мен зерттеу нәтижелерін түйіндей келе отбасы – бұл баланы қарым-қатынастың қажеттілігімен қамтамасыз ететін институт, онсыз ол ешқашан адам және тұлға болып қалыптаса алмайтындығын тағы бір мәрте дәлелдей түстік. Отбасының ең маңызды қызметі – балаларды тәрбиелеу. Отбасылық тәрбие өзінің эмоционалдылығымен кез-келген басқа тәрбиеден асып түседі, әрі ол «өмірдің нұсқаушысы» – балаларға деген ата-аналық сүйіспеншілікті қалыптастырушы, бұл балалардың ата-аналарға деген оңтайлы перцептивтік қатынасы мен өзара сезімін тудырады. Бала отбасында балалық шағында не игерсе, кейінгі өмірінде де соны көрсететіндігі анық.

Отбасының маңыздылығы – отбасы негіздерінің қалануымен, жеке тұлғаның моральдық және әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуымен анықталады, әрі ондағы басты рөл отбасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы перцептивтік қатынас болып табылады.

Отбасындағы ата-аналардың дұрыс тәрбиелік ұстанымдары, ең алдымен, баланы жеке тұлға ретінде қабылдауында көрінеді, сонымен бірге баланың отбасындағы құқықтары мен қажеттіліктеріне өз отбасындағы мүшелерінің құрметпен қарауы, оны толыққанды мүше ретінде қабылдау ұстанымы анықтайды.

Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы динамикалық және сонымен бірге тұрақтылыққа бейім, болашақта жеке тұлғаның ішкі ұстанымына ауысады, мінез-құлықтың мотивіне айналады. Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына отбасылық тәрбие түрінің ықпалы орасан зор екендігін біз теориялық талдау мен эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелдеуге әрекет жасадық.

Жасөспірімдер отбасының әрбір мүшесінен қолдауды, қамқорлықты қажет етеді, бұл ретте жағымды қатынастың болуы баланың өзін-өзі бағалауын арттыратын болса, ал жағымсыз қатынастың болуы, бала бойында жоғары мазасыздықтың, өзін-өзі төмен бағалауының бірден бір себебіне айналады. Мәселен, бала ауырып, сыныптастарынан артта қалады және оқу процесіне қосылу қиынға соғады. Егер о бастан өткерген уақытша қиындықтар ересектерді тітіркендірсе, мазасыздық, жаман, дұрыс емес нәрсе жасаудан қорқу пайда болады. Дәл осындай нәтижеге бала сәтті оқитын жағдайда да қол жеткізіледі, бірақ ата-аналар көп нәрсені күтеді және жоғары, шындыққа жанаспайтын талаптар қояды.

Қорыта келгенде, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың оңтайлы қалыптасуына отбасылық тәрбие түрі, ата-ананың ұстанатын стильдері тікелей әсер ететіндігі анықталды. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы перцептивтік қатынастың орнықты болуы баланың тұлғалық қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді. Осы ретте әр бала ата-анадан сол перцептивтік қатынаста жүрек жылуы, мейірімділікті қажет етеді, әрі оларды өзінің өмірдегі тірегі ретінде санайды. Отбасындағы әр бала үшін ата-ана әлемдегі игілік жаршысы, баласына үлгі көрсетуші, ақылшы болып табылатындығы хақ. Алынған зерттеу нәтижелерін бала тәрбиесінде, отбасы психологиясында қолдану ұсынылады.

Мақаланы жазу барысында жоғарыда аталған авторлардың әрқайсының өзіндік үлесін, зерттеу, талдау жасаудағы шеберліктерін ескере отырып, алғыс біздіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс] 2022 жыл 1 қыркүйек <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
2. Атемова Қ.Т. Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті». -2007. -351 б.
3. Отбасы психологиясы: оқу құралы./ Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова Т.С., Құрбанова И. «Қыздар университеті» баспасы. -Алматы. -2014. -186 б.

4. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. - Алматы: Қайнар. -2016. - 288 б.
5. Жаназарова З.Ж. Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның мәселелері. – Алматы. -2013. - 436 б.
6. Шәукенова З.К. Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері. – Астана. -2013. - 325 б.
7. Шнейдер Л.Б. Психология семейных отношений: Курс лекций. М.: «ЭКМО- Пресс». 2000. - 512 с.
8. Kadim A. (2023). Social perception from the point of view of the races. Eximia. 12, -P.528-537. <https://doi.org/10.47577/eximia.v12i1.400>.
9. Дружинин В. Н. Психология семьи. – СПб.: Питер. -2006. - 176 с.
10. Сулейменова Г.М, Айкинбаева Г.К, Максотова Т.М, Есқақова Ф.Е Жеткіншек шақтағы әлеуметтік перцепцияның ерекшеліктері. // Хабаршы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Психология» сериясы. -2022. №2(71). -Б. 218-223.
11. Sakenov, D. Z., Zhaparova, B. M., Mambetalina, A. S., Kenzhebayeva, T. B., Nurmagambetova, B. A., & Murzatayeva, A. K. (2023). Psychological characteristics of gender socialization of children in an orphanage. Relacoes Internacionais no Mundo Atual, 6(39), art. no. e06122. <https://doi.org/10.21902/Revrima.v6i39.6122>
12. Мухина В.С. Возрастная психология: Феноменология развития, детство, отрочество. М.: Академия. -2013. - 456 с.
13. Семья в психологической консультации /Под ред. В.В. Столина, А.А. Бодалева. – М.: Педагогика. 2013. - 134 с.
14. Общая психодиагностика. /Под. ред. Бодалева А.А., Столина В.В. – М.: МГУ. – 2021. – 456 с.
15. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы. -2015. -365б.
16. Suleimenova G, Utegenova B, Aikinbayeva G, Mambetalina A, Sakenov J, Shnaider F Social perception mechanisms in interpersonal communication among young adults. Relacoes Internacionais no Mundo Atual, 2024, v.3, n.45(2024) P-547-555. Social Sciences <https://revista.unicuritiba.edu.br/index.php/RIMA/article/view/7485>

References

1. Memleket basshysy Kasym-ZHомart Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Бerekeli қоғам» атты Қазақстан халқына ZHoldaу [Elektrondy resurs] 2022 zhyl 1 қыркүйек <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdaу-181416>
2. Atemova Қ.Т. Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы. Монография. – Almaty: «Қазақ universiteti. -2007. -351 b.
3. Otбasy psihologiyasy: оқу құралы./ Autalipova Ұ.І., Saқтағанова Т.С.,Қырбанова І. «Қыздар universiteti» baspasy. -Almaty. -2014. -186 b.
4. Arғыnbaev H. Қазақ отбасы. - Almaty: Qajnar. -2016. - 288 b.
5. ZHanazarova Z.ZH. Қазақстандағы қазирgi zamanғы отбасы zhәне onyң мәseleleri. – Almaty. – 2013. - 436 b.
6. SHәukenova Z.K. Қазақстандық отбасы қоғамның negizgi құндылығы retinde: zhағдайы zhәне даму үрдisteri. – Astana. -2013. - 325 b.
7. SHnejder L.B. Psihologiya semejnyh otnoshenij: Kurs lekciy. M.: «EKSMO- Press». 2000. – 512 s.
8. Kadim A. (2023). Social perception from the point of view of the races. Eximia. 12, -R.528-537. <https://doi.org/10.47577/eximia.v12i1.400>.
9. Druzhinin V. N. Psihologiya sem'i. – Spb.: Piter. -2006. - 176 s.

10. Sulejmenova G.M, Aikinbayeva G.K, Maksotova T.M, Esqarova F.E ZHetskinshek shaqtazy aleumettik perpciyanyń erekshelekteri. // Habarshy. Abaj atyndazy Qazaq ılttyq pedagogikalıq universiteti «Psihologiya» seriyasy. -2022. №2(71). -B. 218-223.
11. Sakenov, D. Z., Zhaparova, B. M., Mambetalina, A. S., Kenzhebayeva, T. B., Nurmagambetova, B. A., & Murzatayeva, A. K. (2023). Psychological characteristics of gender socialization of children in an orphanage. *Relacoes Internacionais no Mundo Atual*, 6(39), art. no. e06122. <https://doi.org/10.21902/Revrima.v6i39.6122>
12. Muhina V.S. Vozrastnaya psihologiya: Fenomenologiya razvitiya, detstvo, otrochestvo. M.: Akademiya. -2013. - 456 s.
13. Sem'ya v psihologicheskoy konsul'tacii /Pod red. V.V. Stolina, A.A. Bodaleva. – M.: Pedagogika. 2013. - 134 s.
14. Obshchaya psihodiagnostika. /Pod. red. Bodaleva A.A., Stolina V.V. -M.: MGU. -2021. - 456 s.
15. ZHaryqbaev Q., Kaliev S. Qazaq talim-tarbiesi. – Almaty. -2015. -365b.
16. Suleimenova G, Utegenova B, Aikinbayeva G, Mambetalina A, Sakenov J, Shnaider F Social perception mechanisms in interpersonal communication among young adults. *Relacoes Internacionais no Mundo Atual*, 2024, v.3, n.45(2024) P-547-555. Social Sciences <https://revista.unicuritiba.edu.br/index.php/RIMA/article/view/7485>